Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы диссертациялық кеңестің 2025 жылғы жылдық

ЕСЕБІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы диссертациялық кеңес келесі кадрларды даярлау бағыттары бойынша жұмыс істейді: «6D020900, 8D02209 – Шығыстану (тарих және филология бағыты)», «6D020700, 8D02301 – Аударма ісі (шығыс тілдері мен әдебиеті)», «6D021000, 8D02305 – Шетел филологиясы (шығыс тілдері мен әдебиеті)».

1. **Өткізілген отырыстар саны:** 13

2. **Диссертациялық кеңестің отырыстарының жартысынан аз бөлігіне қатысқан мүшелердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда):** Диссертациялық кеңестің отырыстарының жартысынан аз бөлігіне қатысқан мүшелер жоқ.

3. Дәрежеге үміткер докторанттардың тізімі.

№	Докторанттың аты-жөні	ЖОО	Мамындығы/ББ Б	Диссертация тақырыбы	Қорғау күні
1	Абдалла Мохаммад Дьяб аль-Нуимат	Әл-Фараби ат.ҚазҰУ	6D020900 – Шығыстану	Central Asia and Caucasus in the Foreign political strategy of Iran (1991-2018)	13.03.2025
2	Мубарак Атик Султан Алафрит Алкувейти	Әл-Фараби ат.ҚазҰУ	6D020900 – Шығыстану	Transformation of Iran's Geopolitical Strategies in regional and bilateral negotiations on the status of the Caspian Sea	13.03.2025
3	Ибраимова Анар Ратаевна	Әл-Фараби ат.ҚазҰУ	8D02209 – Шығыстану	Қазақ және қытай тілдеріндегі этикет нормаларының лингвомәдени ерекшеліктері	24.06.2025
4	Монтанай Элмира Әзімбайқызы	Әл-Фараби ат.ҚазҰУ	8D02209 – Шығыстану	«Қазақ және түрік этностарының ұлттық киім дискурсын қалыптастырудағы лингвомәдени компонеттер»	30.06.2025
5	Мошқал Мәдина Аскарбеккызы	Әл-Фараби ат.ҚазҰУ	8D02209 – Шығыстану	«Жапонияның тұрақты даму моделі: «Junkangata Shyakai » («Қайта өңдеу қоғамы»)	02.07.2025

6	Дюсенов Багдат Даниярович	Әл-Фараби ат.ҚазҰУ	8D02209 – Шығыстану	«Мәмлүктер кезеңіндегі жазба ескерткіштер – тілдік-мәдени дереккөз («ад-Дурра әл-мудийа» және «аш-Шузур аз-захабийа»	02.07.2025
7	Амирбекова Сагыныш Копеновна	Әл-Фараби ат.ҚазҰУ	6D020900 – Шығыстану	«Арабская весна» в освещении мировой и отечественной ориенталистики: сравнительный анализ	03.07.2025
8	Молдабек Ескер Бегалыұлы	Әл-Фараби ат.ҚазҰУ	8D02209 – Шығыстану	«Өркениеттер сұхбаттастығы аясындағы әл-Фарабидің тарихи тұлғалық сипаты»	04.07.2025
9	Бисенбаева Әсел Пазылбекқызы	Әл-Фараби ат.ҚазҰУ	6D020900 – Шығыстану	«Қазіргі Қытай прозасының өзіндік ерекшелігі мен даму тенденциясы (XX ғ. 80 жылдары – XXI ғ.басы)»	16.10.2025
10	Жумадилова Айгерим Ерболовна	Әл-Фараби ат.ҚазҰУ	8D02209 – Шығыстану	Модернизация национального сознания: поиск новой идентичности и тематики в арабской литературе (с 2000 г.) на примере Египта, Алжира и Палестины	13.11.2025
11	Назарова Кулайша Бимаханбетовна	Әл-Фараби ат.ҚазҰУ	8D02209 – Шығыстану	«Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы: қытайлық тәсіл және Қытайдың ұйымдағы рөлі»	19.12.2025
12	Тургунбаев Избасар Ерланулы	Әл-Фараби ат.ҚазҰУ	8D02209 – Шығыстану	Направления развития культурной модернизации Турции (1923-2020 гг.)	19.12.2025
13	Кожабекова Раушан Санатовна	Әл-Фараби ат.ҚазҰУ	8D02305 – Шетел филологиясы	«Абай мен Шауқи поэзиясындағы адам бейнесінің герменевтикалық парадигмасы	22.12.2025

				(салыстырмалы-салғастырмалы талдау)»	

4. Есептік жыл ішінде кеңес қарастырған диссертациялық жұмыстарға қысқаша талдау төмендегі бөлімдер бойынша ұсынылады:

1. Қарастырылған жұмыстар тақырыптамасына талдау;

2025 жылы «6D020900, 8D02209 – Шығыстану (тарих және филология бағыты)», «8D02305 – Шетел филологиясы (шығыс тілдері мен әдебиеті)» мамандықтары/білім беру бағдарламалары тобы бойынша диссертациялық кеңесте 13 диссертация қарастырылып, сәтті қорғалды.

Негізгі жұмыстар шығыстану бағыты бойынша орындалған, бұл шығыстану ғылыми мектебінің тұрақты дамуын көрсетеді. Диссертациялар тақырыптары кең ауқымды мәселелерді қамтиды: Шығыс елдерінің (Иран, Түркия, Қытай, араб мемлекеттері) сыртқы саясаты мен геосаяси стратегиялары, мәдениетаралық коммуникация мәселелері, салыстырмалы әдебиеттану, лингвомәдениеттану, сондай-ақ Шығыстың жаһандық тарихи-мәдени үдерістердегі рөлі.

Сонымен қатар, диссертациялық кеңесте шығыс тілдері мен әдебиеті бойынша аударматану және шетел филологиясы бағыттарында да диссертациялар қорғалып, бұл диссертациялық кеңестің қызметінің пәнаралық сипатын дәлелдейді.

2. Диссертация тақырыптарының ҚР Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия айқындаған (Қазақстан Республикасының «Ғылым және ғылыми-технологиялық саясат туралы» Заңының 20-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес) және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен белгіленген ғылымды дамыту бағыттарымен өзара байланысы;

Диссертациялық зерттеулер тақырыптамасы Қазақстан Республикасындағы гуманитарлық ғылымдардың басым бағыттарына, халықаралық ынтымақтастықты дамыту, сыртқы саяси диалогты нығайту, сондай-ақ мәдени және тілдік мұраны сақтау мен ілгерілету жөніндегі стратегиялық міндеттерге сәйкес келеді.

Шығыс елдерінің халықаралық қатынастары мен сыртқы саясатына қатысты зерттеулер талдау және сараптамалық құрылымдар үшін практикалық маңызға ие. Филологиялық және мәдениеттанулық бағыттағы еңбектер өркениетаралық диалогтың дамуына, сондай-ақ Шығыс елдеріндегі әдеби және тілдік үдерістерді ғылыми тұрғыда зерделеуге ықпал етеді.

3. диссертация нәтижелерінің практикалық қызметке енгізілу деңгейіне талдау.

Диссертациялық зерттеулердің нәтижелері жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының оқу үрдісі мен ғылыми-зерттеу қызметіне енгізілуде. Жекелеген материалдар оқу-әдістемелік әдебиеттер мен ғылыми-талдамалық зерттеулерді әзірлеуде пайдаланылуда.

Есептік жылы диссертациялық кеңестің бір докторанты «Жас Ғалым» гранттық жобасының (2025–2027 жж.) жеңімпазы атанды. Бұл жағдай

шығыстану бағыты бойынша орындалып жатқан зерттеулердің жоғары ғылыми маңыздылығы мен практикалық әлеуетін айқындайды.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (ең сапасыз пікірлердің мысалдарымен).

Ресми рецензенттер диссертациялардың ғылыми жаңашылдығы мен практикалық маңыздылығын ашып көрсететін, толыққанды, дәлелді және ғылыми-аналитикалық тұрғыдан негізделген пікірлер ұсынды.

Сонымен қатар, екі диссертациялық жұмыс бойынша диссертациялық кеңес тарапынан елеулі ескертпелер айтылды. Соның нәтижесінде қорғау кейінге шегеріліп, диссертациялар қайтадан пысықтауға жіберілді. Ескертпелер жойылғаннан кейін аталған жұмыстар қайта ұсынылып, сәтті қорғалды. Бұл диссертациялық кеңестің диссертациялық зерттеулердің сапасына қойылатын талаптарды толық сақтайтынын көрсетеді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

«6D020900, 8D02209 – Шығыстану (тарих және филология бағыты)», «6D020700, 8D02301 – Аударма ісі (шығыс тілдері мен әдебиеті)», «6D021000, 8D02305 – Шетел филологиясы (шығыс тілдері мен әдебиеті)» бағыттары бойынша ғылыми кадрларды даярлау тиімділігін арттыру мақсатында мынадай шараларды жүзеге асыру орынды деп санаймыз:

1. Зерттеулердің пәнаралық және тәжірибеге бағытталған сипатын күшейту, Шығыс елдерінің ғылыми орталықтары мен салалық ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты кеңейту.

2. Докторанттардың халықаралық ынтымақтастығы мен академиялық ұтқырлығын дамыту.

3. Докторанттардың әдіснамалық даярлығын және жарияланымдық мәдениетін арттыру.

4. Диссертациялық зерттеулер нәтижелерін білім беру үдерісіне және ғылыми-талдамалық қызметке енгізуге жәрдемдесу.

5. Жас ғалымдардың мемлекеттік және халықаралық гранттық жобаларға қатысуын қолдау.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға ұсынылған диссертациялардың саны кадрларды даярлау бағыттары бойынша:

1. қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-лардың докторанттары) – 13 диссертация, олардың 2-еуі пысықтауға жіберіліп, кейін қайтадан қорғауға жіберіліп, сәтті қорғалды;

2. қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-лардың докторанттары) – жоқ;

3. ресми рецензенттердің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-лардың докторанттары) – жоқ;

4. қорғау нәтижесі бойынша теріс шешім қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-лардың докторанттары) – жоқ;

5. пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-лардың докторанттары) – 2;

6. қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО-лардың докоранттары).

Диссертациялық кеңестің төрағасы,
т.ғ.к., профессор М.Ш. Эгамбердиев

Диссертациялық кеңестің
ғалым хатшысы, доктор PhD Н.Н. Кайранбаева

"29" 12 2025 ж.